

## Қазақстан Республикасы Конституциясының 16 және 83-баптарын ресми түсіндіру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 13 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 9 Қаулысымен

*Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08. N 9 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, құрамында Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов, А.К.Котов және Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда,  
өтініш субъектісінің өкілі - Республика Парламенті Мәжілісінің депутаты Р.Қ.Сәрпековтің,

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары Т.С.Донақовтың,

Республика Үкіметінің өкілі - Республиканың Әділет вице-министрі Ж.Қ.Асановтың,

Республика Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының төрайымы Р.Н.Юрченконың,

Республика Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың,

Республиканың Ішкі істер вице-министрі В.Н.Курбатовтың,

Республиканың Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының орынбасары Б.С.Кәрікболовтың,

Республика Ұлттық қауіпсіздік комитетінің заң басқармасы бастығы Ғ.Ж.Әбдірахмановтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 16 және 83-баптарын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашының - Конституциялық Кеңестің мүшесі С.Ф.Бычкованың хабарламасын, өтініш субъектісі өкілінің және отырысқа қатысушылардың сөздерін тыңдап шығып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны

**анықтады:**

Республиканың Конституциялық Кеңесіне Республика Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабының 2-тармағын, 75-бабының 1 және 2-тармақтарын, 77-бабының 1-тармағын, 81-бабын, 83-бабының 1-тармағын және 84-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 21-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өтініш субъектісінің өкілі Республика Конституциясының 3, 39 және 76-баптарын, сондай-ақ 16, 75, 77, 83 және 84-баптарының өзге де тармақтарын қосымша түсіндіру туралы өз өтінішін мәлімдеді.

Одан әрі конституциялық іс жүргізу барысында өтініш субъектісінің өкілі оның көлемін азайтты, соған орай, мына төмендегі сұрақтарға қатысты Конституцияның 16 және 83-баптары ғана түсіндірілуге тиіс болатын:

1) Заңда көзделген жедел іздестіру іс-шараларын, тергеу іс-әрекеттерін, адамды ұстау, тұтқындау және қамауда ұстауды санкциялау Конституцияда көзделген жедел-іздестіру қызметінің, анықтама жүргізу мен тергеудің заңдылығын прокуратураның жоғары қадағалауының бір нысаны, сондай-ақ прокуратураның қылмыстық қудалауды іске асыруы болып табылады ма?

2) Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабы 2-тармағының нормасы, тұтқындауды және қамауда ұстауды прокурор да, сот та жүзеге асырады дегенді білдіреді ме?

3) Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын жоғары қадағалау, сондай-ақ заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолдану жөніндегі прокуратураның конституциялық өкілеттігін заңмен шектеуге жол берілген бе?

4) Конституцияның 16-бабының және өзге де ережелерінің нормалары, адамды тұтқындау мен қамауда ұстаудан тыс, соттың жедел-іздестіру іс-шаралары мен тергеу іс-әрекеттерін санкциялауына жол береді ме?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 16 және 83-баптарының нормаларын өтініште қойылған сұрақтарға қатысты ресми түсіндірген кезде **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны негізге алды.

1. Конституцияның 1-бабының 1-тармағына сәйкес демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияның II бөлімінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары кешені бекітіледі, соның ішінде Конституцияның 16-бабының 1

-тармағымен баянды етілген оның жеке басының бостандығына құқығы ерекше маңызға ие. Бұл құқықсыз өзге құқықтар мен бостандықтардың мағынасы жойылады.

Конституцияның 39-бабы конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектеу шарттарын белгілейді. Бұл баптың 3-тармағында "Конституцияның 16-бабының 1-тармағында ... көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс",- деп атап көрсетіледі. Негізгі Заңның 12-бабының 1-тармағына сай "Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі". Бұдан келіп шығатыны, Конституцияның 16-бабының 1-тармағымен көзделген адамның және азаматтың құқығын шектеу шарттарын Конституцияның өзі белгілейді. Конституцияның 16-бабының 2-тармағына сәйкес "заңда көзделген реттерде ғана және тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығы беріледі. Прокурордың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұстауға болады".

Конституцияның 16-бабының 3-тармағы, сезікті, ұсталған, айып тағылушы адамның адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы болатын кезін айқындай отырып, жеке басының бостандығы құқығына берілетін кепілдікті белгілейді.

Адамның және азаматтың жеке басының бостандығы мемлекеттік-құқықтық нысандармен және әдістермен қорғалады, олар Негізгі Заңның 16-бабының 2-тармағымен соттың және прокуратураның қолдануына жатқызылған.

2. Прокуратура қызметінің негізін көздейтін нормалар Республика Конституциясының 83-бабында берілген. Конституциялық құрылысты, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын прокуратура, төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағындыра отырып, басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз, Республика Президентіне ғана есеп беретін бірыңғай орталықтандырылған жүйені құрайды (Конституцияның 83-бабының 2-тармағы, Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 5 қаулысы ).

Конституцияның 83-бабының 1-тармағына сәйкес "прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары

қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы және заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады".

Прокуратура жүзеге асыратын қылмыстық қудалау функциясына қатысты, Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 26 желтоқсандағы N 23/2 қаулысында, бұл функция алдын ала тергеу элементтерінен тұрады және Конституцияның 84-бабының 1-тармағымен көзделген қылмыстық істер бойынша анықтама жүргізу мен алдын ала тергеудің прокуратурадан бөлінгені туралы ережеден тыс болып табылады делінген. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын, анықтама мен тергеу жүргізетін лауазымды адамдардың іс-әрекетіне прокурордың санкция беруі, сондай-ақ тұтқындау мен қамауда ұстауға санкция беруі осы аталған функция шеңберінде және жоғары қадағалау функциясы шеңберінде жатады, бұл Республика Конституциясының 83-бабы 1-тармағының және 16-бабы 2-тармағының нормаларына сәйкес келеді. Конституциялық Кеңес 2002 жылғы 5 тамыздағы N 5 қаулыда прокуратураның бұл өкілеттігін конституциялық деп тапты.

Конституциялық Кеңес, заңда көзделген жедел ізвестіру іс-шараларын, тергеу іс-әрекеттерін, адамды ұстау, тұтқындау және қамауда ұстауды санкциялау Конституцияда көзделген жедел-ізвестіру қызметінің, анықтама жүргізу мен тергеудің заңдылығын прокуратураның жоғары қадағалауының бір нысаны, сондай-ақ прокуратураның қылмыстық қудалауды іске асыруы болып табылады деп есептейді.

**3. Сот билігі "Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және оның мақсат-міндеті азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды" ( Конституцияның 76-бабының 1-тармағы). Конституцияның 13-бабының 2-тармағымен "Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар",- деп көзделген. Адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау сот билігінің өкілеттігін жүзеге асырудың басты бағыты болып табылады.**

Соның ішінде, соттың тұтқындау мен қамауда ұстауға санкция беруі ( Конституцияның 16-бабының 2-тармағы); Конституцияның 76-бабының 2-тармағынан келіп туындайтын, қылмыстық процеске қатысушылардың лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне, мемлекеттік органдардың заңсыз

актілеріне шағымдарын (наразылықтарын) қарауы, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық процесте сот арқылы қорғаудың Негізгі Заңда көзделген тәсілдері болып табылады.

Соттың бұл аталған құқығы Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 7/2 қаулысында Конституцияның 76-бабының 2-тармағын түсіндіру бөлігінде расталады, ол қаулыға сай "заң негізінде адамның және азаматтың кейбір конституциялық құқықтарын шектеуге жол беретін шешімдер, үкімдер және өзге де қаулылар қабылдауға, лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарауға Республика Конституциясы мен заңдарында белгіленген реттерде мемлекеттік органдардың заңсыз актілерін бұзуға сотқа құқық берілген".

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады (Негізгі Заңның 75-бабының 1-тармағы). Конституцияның 16-бабының 2-тармағында, сот тұтқындауға және қамауда ұстауға санкция береді деп көзделген. Конституцияда соттың жедел-іздістіру іс-шаралары мен тергеу іс-әрекеттерін санкциялау жөніндегі өкілеттігін белгілеу үшін негіз жоқ. Оларды белгілеу сот билігінің конституциялық мақсат-міндетіне және Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 5 мамырдағы N 8/2, 2000 жылғы 10 шілдедегі N 14/2 және 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 21/2 нормативтік қаулыларына қайшы келетін еді.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз тергеу іс-әрекеттері мен жедел-іздістіру іс-шараларынан сот арқылы қорғаудың тәсілі ретінде, Негізгі Заңның 13-бабының 2-тармағына және 76-бабының 2-тармағына сәйкес, Конституцияда қылмыстық процеске қатысушылардың шағымын (наразылығын) соттың қарауы көзделген.

**4.** "Заңда көзделген реттерде ғана және тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығы беріледі" деген бөлігіндегі Конституцияның 16-бабының 2-тармағы, қылмыстық процеске қатысты қолданыста, Конституция, өзге мемлекеттік органдарды алып тастай отырып, қылмыстық процесте тұтқындау және қамауда ұстауға санкция беру құқығын сот пен прокуратураға береді дегенді білдіреді. Сот тұтқындауға және қамауда ұстауға санкция беруге, сондай-ақ санкция берген соттың немесе прокурордың іс-әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарауға хақылы.

"Прокурордың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұстауға болады" деген бөлігіндегі бұл тармақты, анықтама жүргізу, алдын ала тергеу органдары адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұстай алады деп түсінген жөн. Ұсталған кезден бастап осы көрсетілген уақыттан кешіктірілмей сол адамға қатысты тұтқындау және қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шаралары қабылдануы керек не болмаса ол қамаудан босатылуға тиіс

. Ұстаудың жетпіс екі сағаты біткеннен кейін тұтқындауды және қамауда ұстауды санкциялауды заңда белгіленген реттерде прокурор жүзеге асырады.

Конституцияның 16-бабының 2-тармағы сот пен прокурордың тұтқындауға және қамауда ұстауға санкция беру жөніндегі құзыретінің бастапқы ережелерін бекітеді. Сот пен прокуратураның соларға сәйкес процессуалдық өкілеттігі заңмен айқындалады.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 31-33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, өтініште қойылған сұрақтарға қатысты **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі**

**қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабын, оның нормалары адамның және азаматтың табиғи жаратылысына тән жеке басының бостандығына құқығын белгілейді, оны шектеу шарттары мен қорғау кепілдігін айқындайды деп түсінген жөн.

"Заңда көзделген реттерде ғана және тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығы беріледі" деген бөлігіндегі Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабының 2-тармағы, қылмыстық процеске қатысты қолданыста, Қазақстан Республикасының Конституциясы тұтқындау және қамауда ұстауға санкция беру құқығын тек сот пен прокуратураға ғана береді дегенді білдіреді. Сот сондай-ақ санкция берген соттың немесе прокурордың іс-әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарауға хақылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабы 2-тармағының "прокурордың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұстауға болады" деген бөлігіндегі нормасын, анықтама жүргізу, алдын ала тергеу органдары адамды осы көрсетілген уақыттан аспайтын мерзімге ғана ұстай алады деп түсінген жөн. Ұсталған кезден бастап жетпіс екі сағаттан кешіктірілмей сол адамға қатысты тұтқындау және қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шаралары қабылдануы керек не болмаса ол қамаудан дереу босатылуға тиіс. Ұстаудың жетпіс екі сағаты біткеннен кейін тұтқындауды және қамауда ұстауды санкциялауды заңда белгіленген реттерде прокурор жүзеге асырады.

Конституцияның 16-бабының 2-тармағы сот пен прокурордың тұтқындауға және қамауда ұстауға санкция беру жөніндегі құзыретінің бастапқы ережелерін бекітеді. Сот пен прокуратураның соларға сәйкес процессуалдық өкілеттігі заңмен айқындалады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабының 3-тармағымен көзделіп, ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адамның сол тиісінше ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқығы, адамның қылмыстық процесте заңмен қамтамасыз етілетін құқықтары мен бостандықтарына берілетін кепілдік болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары (16-баптың 1-тармағы, 75, 76 және өзге де баптары) сотқа жедел-іздістіру іс-шаралары мен тергеу іс-әрекеттерін санкциялау өкілеттігі берілуін көздемейді.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабы прокуратураның мақсат-міндетін, ұйымдастырылуы мен қызметінің негізін айқындайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 1-тармағын, прокуратураның Конституциямен белгіленген, заңмен шектеуге және алып тастауға болмайтын өкілеттігі деп түсінген жөн.

Жедел іздестіру іс-шараларын, тергеу іс-әрекеттерін, адамды ұстау, тұтқындау және қамауда ұстауды санкциялау Конституцияда көзделген жедел-іздістіру қызметінің, анықтама жүргізу мен тергеудің заңдылығын прокуратураның жоғары қадағалауының бір нысаны, сондай-ақ прокуратураның қылмыстық қудалауды іске асыруы болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастан күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

5. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің*

*Төрағасы*